175 ЖЫЛ

Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Абай. Зере анамыздың хакімге көрегендікпен қойған осы бір есімі – бүкіл қазақтың бойтұмары іспетті. Ұлы ойшылдың тереннен тартқан әрбір сөзі ұлтымызды жамандықтан сақтап, абай болуға үндейтіндей. Жүрегінін түбіне терең бойлап, жұмбақ жаннын астарлы бір ойының болса да кілтін таба білген оқырманға Абай әлемі – еліміздің тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, бізді жеті түнде адастырмайтын темірқазық. Әркімнін өз Абайы бар: бірімізге – ақын, бірімізге – философ, бірімізге – композитор, бірімізге – көшбасшы, енді бірімізге – келешекті көре білген көріпкел... Бастысы иісі қазаққа, әсіресе заман дамып, жылдар жылжып, ғасыр озса да асыл сөзі замандасымыздың ойындай алдымыздан шыға келетін біртуар тұлғаны халыққа таныстырып жатудын өзі артық. Сөз басындағыдай атын атасақ жеткілікті. Жүрек сайрайды. Бұл да болса, Абайдың бізбен бірге мәңгі жасайтынына дәлел болса керек.

Дәріптеуге лайық даналық

Ақтоты РАЙЫМҚҰЛОВА,
Мәдениет және спорт министрі

Өздеріңіз білетіндей, Абайдың әр толғамына ерекше мән беретін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтын бастамасымен биыл ел көлемінде аталып өтілетін Абайдың 175 жылдық мерейтойы 10 тамызға жоспарланған еді. Сонымен катар осыдан ширек ғасыр бұрын ЮНЕСКО деңгейінде тойланған Абайдың 150 жылдығы да осы күнге белгіленген-ді. Осыған орай, Үкіметтін қаулысымен 10 тамыз – Абай күні болып бекітілді. Баршаңызды осы бір атаулы күнмен шын жүректен құттықтаймын!

Министрлік тарапынан және жалпы халықтың белсенділігімен Абайдың мерейтойы аясында ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды істер атқарылды әрі әлі де атқарылып келеді. Ең маңыздысы ақынның 175 жылдығына қатысты барлық іс-шараларда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында айтылғандай, басты мақсатымыз ретінде той тойлау емес, ой толғау, ой-өрісімізді кеңейтуге аса ден қойып отырмыз. Бекітілген жалпыреспубликалық жоспардың барлық іс-шаралары идеологиялық және ағартушылық бағытты қамтиды. Мемлекет басшысы атап өткендей, мерейтойдың күн тәртібі тұжырымдамалық тұрғыдан елде және шетелде Абай тұлғасының жаһандық ауқымын кеңінен танымал етуге арналған идеологиялық-мазмұнды және сапалы іс-шараларды өткізуге негізделеді. Осыған дейін іске асырылып жатқан игі істердің бірқатарына, елеулі шараларға тоқталсам, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» музей-қорығын толыққанды ғылыми-зерттеу орталығы етіп қайта құру тұжырымдамасы әзірленді. Абайды жан-жақты танытатын, хакімнің артында қалған мұралары сақталған музейлерді музеефикациялау, Шығыс Қазақстан облысындағы бас-аяғы 18 объектіде инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Танымдық, идеологиялық тұрғыда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институты құрылды. «Абай академиясы» Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарда белгіленген «Абай мұрасы» және «Абай» интерактивті кешенін құру бойынша мемлекеттік тапсырыс негізіндегі екі жобаны іске асыруды ұйымдастырып, үйлестіреді. Бұдан бөлек балаларға, ересектерге, зерттеушілер мен жалпы ізденушілерге арнап 9 түрлі кітапты баспаға әзірлеуді, Абай төңірегінде түрлі танымдық сұхбаттар мен ғылыми материалдар дайындауды да аталған академия қолға алып отыр. Бұдан бөлек жазушы-драматург, абайтанушы Роллан Сейсенбаев Абайдың 10 томдығын шығарды. Негізі министрліктің қолдауымен басылып, әлі де жарыққа шығаруға әзірленіп жатқан Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-танымдық, тағылымдық кітаптардың қатары көп.

Абайдың өзі де, сөзі де – қазақтың бет-бейнесі. Сол себепті оның шығармашылығын елде ғана емес, шетелдерде де насихаттауымыз керек. Бұл ретте ақын-жазушыларымыздың еңбегі ұшан теңіз. Абайдың шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылды, қазір де тәржімалау жұмыстары жалғасып жатыр. Осы мақсаттағы жұмыстар жемісін бере бастады. Айталық, 2019 жылы 30 қарашада Ош қаласында өтетін ТҮРКСОЙ Мәдениет министрлері тұрақты кеңесінін отырысында ТҮРКСОЙ шеңберінде 2020 жыл – «Абай жылы» деп бекітілді. Мәдениет және спорт министрлігі 2020 жылы 27 қаңтарда Чехияның Ұлттық кітапханасында Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған мәдени-ақпараттық орталық ашып, онда Абайдың электронды форматтағы мұрасына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін бөлінген екі аудитория кызмет көрсетуде. Сондай-ақ Будапешт қаласындағы Сечени атындағы Ұлттық кітапханасында және Братислава қаласындағы Ян Амос Коменский атындағы университет кітапханасында «Абай оқулары», көрмелер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Ал енді қазір атқарылып жатқан жұмыстардың ішіндегі елеулісі ретінде Абайдың толық шығармаларын 10 түрлі шет тіліне (француз, ағылшын, орыс, араб, испан, қытай және түрік, жапон, неміс, италиян тілдері) аударып. 3 мың данадан кем емес таралыммен басып шығаруды атап өтуге болады. Қазіргі таңда Абай Құнанбайұлының толық шығармалар жинағын аудару жұмыстары аяқталып, редакцияланып жатыр. Сондай-ақ биылғы қазан айында Париждегі ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде Абай мерейтойының халықаралық тұсаукесерін өткізу жоспарланған болатын. Алайда әлемдегі ахуалға байланысты бұл шараның өткізілу форматы өзгеруі мүмкін. Абайдың шығармашылығын кең көлемде насихаттау мақсатында «ABAI world challenge» шарасын бастамақпыз, алдағы уақытта бұл бастамамызға Абайдың шетелдік оқырмандары, шекараның сыртындағы руханияттың жанашырлары атсалысады деп сенеміз.

Ведомствоға қарасты барлық мекемелерде Абайдың 175 жылдығына арналған жұмыстар жүргізілуде. Бұған қоса аталған жалпыреспубликалық жоспардың 4-тармағына сәйкес, еліміздегі ірі қалалар мен облыстардың әкімдіктері тарапынан мерекелеудің өңірлік жоспарлары әзірленіп, бекітіліп, жоспарға сай іс-шаралар өткізіліп келеді.

Айта кету керек, елдегі орын алған жағдайды ескере отырып Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған бірқатар іс-шаралар, соның ішінде конкурстар, ғылыми конференциялар мен семинарлар, дебаттар, музей мен кітапханаға экскурсиялар, концерттер және т.б. онлайн форматқа көшірілді. Сонымен қатар мәдени танымдық шаралар онлайн форматқа ауыстырылды, оның аясында республикалық, облыстық, өңірлік деңгейдегі мыңнан аса білім беру, мәдени-ағартушылық іс-шаралар жоспарланған.

Ұлы Абайдың есімін ұлықтау мақсатында еліміздің барлық өңірлерінде білім, мәденнет мекемелері, көшелер мен даңғылдар аталған тұлғаның есімімен аталады. Жыл басында Семей қаласындағы әуежайға Абай Құнанбайұлының есімі берілгенін білесіздер.

«Ғылымды іздеп, дүниені көздеп», ұлтының болашағына аландап өткен ұлы тұлғаның бүгінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы ұшан теңіз. Ал ақын мерейтойы оның есімін асқақтату, шығармашылығына терең бойлап, асыл сөзін сіңіру, жаңа ұрпаққа өсиетін жеткізу жолындағы қадамдардың бірі. Сондықтан бұл бір жылдың аясында атқарылумен шектелмейді. Жалпы ұлтымыздың бір есіміндей, қазақпен «аттас» Абайдың атын, абыройын асқақтатуды көздейтін жұмыстар жалғасын таба бермек.

Қазақ үшін Абай – дара, Абай – дана! Бір кезде ұлт қамын жеген ұлы перзенттің есімі бүгінде туған халқымен егіз ұғымға айналып кетті. Абай десе қазақ, қазақ дегенде Абайдың аты қатар аталатыны сөзіме дәлел. Сондықтан ұлы ақынның туған күнінде, жаңа мемлекеттік мерекемізді пайдалана отырып барша қазақстандықтарды Абай күнімен тағы да құттықтаймын! Абай көксеген биік дәрежеде болайық, «бірімізді біріміз дос көріп» ісіміз ілгеріге бассын. Өсіп-өркендей берейік.

Абайды таныту – борышымыз

10 тамыз – «Абай күні» деп белгіленіп, мемлекеттік мерекелер тізіміне енгізілді. Ұлы ақынға көрсетілген жоғары құрмет – ұлттық руханиятымыз бен әдебиетімізді дамытуға және сөз өнерін қастерлеуге жасалған тарихи қадам.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары

Жалпы, биылғы жыл ісі қазақтың жаңғыруынан, жаңаруынан, Абай әлеміне бет бұрудан басталды. Ақын әлемін танып-білуге, «Толық адам» ілімін зерттеп-зерделеуге, елімізді тың серпінмен дамыту жолында еңбектерін басшылыққа алуға ден қойдық. Француздық ғалымдар Жоселин Перер мен Мариванн Перер «Адамзаттың ойшылы» деп ардақ тұтқан бірегей ғұламамызды Қазақстанның бренді ретінде дүние жүзіне кеңінен таныстыруға, ой-тұжырымдарынын мән-мағынасын жан-жақты талқылауға кірістік. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы арқылы мерейтойлық жыл аясында атқарылуы тиіс осындай міндеттерді межелеп берді.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНЕСКО бағдарламасы аясында өткізілген ақынның 150 жылдық тойында «Абай жылын өткізген жаксы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп. Ол үйреткен тағылым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгеніміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден-бір белгісі де осы болып табылады» деген еді.

Той тойлау үшін емес, рухани ой-өрісімізді өсіруді көздеген биылғы іс-шаралардың ең әуелі ой салудан басталғаны бек қуантады. Өйткені күллі адамзат тарихының қаншама ғасырлық сан алуан белестерінен өткен әдебиеті мен мәдениеті, яғни халық даналығы мен сөз өнері барша әлем халықтарының рухани құндылықтар қазынасын құрайтыны белгілі. Теңіздің тамшыдан құралатыны секілді бұл баға жетпес байлықтың да әр ұлттар мен ұлыстардағы жекелеген ұлы тұлғалар шығармаларынан нәр алып, уақыт өткен сайын қордалана беретінін жақсы білеміз.

Қайнар көзі қадым замандардан бастау алатын қазақ әдебиеті тарихында жинақталған ұлы мұраларымыздың барлығының да өзіндік ерекшеліктері, ұлттық сипаты мол. Мұнымен қатар олардың басым көпшілігінің бүкіл әлемдік әдебиеттің классикалық нұсқаларымен де үндестігін, үзеңгі қағыстыра алар бәсекелестігін байқамау мүмкін емес. Осы орайда қазақ әдебиетінің аса көрнекті тұлғаларының бірі, «сөз патшасын» ұлттық деңгейден әлемдік аренадағы биік шыңдарға дейін алып шыққан Абайдың алып тұлғасы күн өткен сайын асқақтай түсуде!

Осы ретте ақын мерейтойында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті айтқан мына сөз тағы да еріксіз еске түседі. «Абай... барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат адамзат ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақылманы болып көтеріліп отыр. Бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтерді. Бұрын-соңды үрдіске енбеген жанрларды енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріптеуді қойып, адамның ішкі жанына үңілетін, болмыстын тұңғиық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық-әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды...

Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама дала тіршілігін өзге дүние тіршілігімен салыстыра зерттеп барып түсінгісі келді. Бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта ақтарып, Шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына соны көзқараспен карап, жаңаша баға берді».

Осылайша Елбасы абайтану іліміне мемлекеттік деңгейде мән беріп, тың көзқарастар мен жаңа пайымдағы парасатты пікірлер легіне жол ашып берді. Мемлекет басшысы бұл үрдісті әрі қарай жарасымды түрде жалғастырып әкетті. Ұлы ақын, хакім Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған мақаласында Президентіміз: «...интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өрісін өсіруді көздеді. Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн» деп ұлағатты пайым жасады.

Ендеше Абайды терең танып, оқығанымызды көніл көкжиегіне Темірқазықтай қонақтатып, айналамызға түсіндіре беру, баршамыздың азаматтық әрі патриоттық борышымыз деп білемін.

Өлеңдері мен қара сөздерінде Абайды айрықша аландатқан мәселе – қазақ ұлтының болашағы екені талассыз ақиқат. Осы орайда кесіп-тіліп, сынап айтса да, уытты тілмен мінеп айтса да, тіпті асқақ пафоспен жырлап айтса да көкейінің түпкірінде ұлтына деген ұлы махаббатының жатқанын бек түсіне аламыз.

4-қара сөзіндегі мына бір пікіріне назар аударайықшы: «Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі кеніш болса керек. Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғымен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығына уайым қылдағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтылармақ орынды қарекет табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды қарекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды карекетпен азайт!»

Орынды қарекет туралы бұдан асырып не айтуға болады? Орынды қарекетпен айналыспақ тұрмақ, мынау аласапыран тірлікте өз орнын таппай жүргендер аз ба бүгін? Жоғарыдағы пікірін данышпан ақын былай түйіндейді: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, бос, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды».

Хакім Абайдың қара сөздеріндегі адамзат баласына, оның ішінде қазаққа қарата айтқан ғақлияларының басты кредосы – жамандық пен арамдықтан мейлінше алыстап, жақсылық пен адалдыққа барынша жақындау, еңбекті сүю, масылдықтан аулақ болу.

«...Жә, кімді сүйдік, кімнің тілеуін тіледік? Өзі құрттанып шашылған болыс-билер тұра тұрсын. Енді, әлбәттә, амал жоқ, момындығынан «ырыс бақкан – дау бақпас» деген мақалмен боламын деп, бергенінен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым» дейді Абай 22-қара сөзінде. Көз алдына бүгінгі орта тапты қалыптастыруға барынша үлес қосып жатқан кәсіпкерлер қауымы келмей ме? Міне, бүгінгі күнде де соншалықты қолдау мен қорғанышқа зәру боп отырғандар да осы тапқанын тапқанына жалғап, отбасы мен мемлекеттің тілеуін тілеп жүрген қаяу көңіл кәсіпкерлер екені шындық! Ендеше осындай іскер азаматтарды қолдап, демеу жасау іс басындағы азаматтардың абзал борышы деп ұғынған абзал.

Сонау XX ғасырдың бас кезінде-ақ тағы бір данышпанымыз, ұлт кемеңгерлерінің бірі Ахмет Байтұрсынұлы хакім Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп таныды. Ахаң Абай туралы: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», дейді. Алып-қосары жоқ, ондыққа дәл тиіп тұрған айдан анық бағалау!

Абай хакімнің әр сынында терең жақсы көру мен өз халқына деген айнымас махаббаттың жатқанын бек түсінуіміз керек. Данышпан ақын сынай отырып, сөз ұғар санасы бар әркімге бағыт-бағдар нұсқайды, жол көрсетеді.

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,
Күлкі баққан бір корер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,
Ең болмаса еңбекпен мал табалық»,

– деген ақын сөздеріне ден қояр болсақ, қаншама заман өтсе де еш ескірмеген жанашыр ақыл мен бүгінгі қоғам мүшелеріне де керекті насихатты көретініміз ақиқат.

Өткен ғасырда айтылса да құнын жоймаған, күн өткен сайын әр қырынан жарқырай түсетін мұндай маржан сөздер Абайда аз емес. Ғажайып сөз зергерінің ұлылығы да осында шығар.

Ақыл сөзге ынтасыз жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсінген, жеп кетер білімсіз коп,
Жіберсем өкпелеме көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Ғаркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған малқұмар нені ұға алсын,
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мұнда да байқайтынымыз, кешегінін емес, бүгінгінің сөзін көріп тұрғандаймыз. Жеріне жеткізе сынау, ақынның өз сөзімен айтсақ, «жамандау» арқылы жұртының қамын ойлау, тек елін соншалықты сүйген ойшылға ғана тән қасиет болса керек.

Ұлы ақынның өлеңдерінде де, қара сөздерінде де бажайлап қарайтын болсақ, өнер және еңбек атты ұғымдар егіз жүйеде, параллель кеңістікте талданады. Бұл әрине кездейсоқтық емес. Қай заманда да бұл екі ұғымның бір-бірін толықтырып, өмір мәнділігін құрайтынын жақсы білеміз.

Қазағым деп көкірегі қарс айырыла күрсінетін хакім Абай өз ұлтын шексіз сүю арқылы күллі адамзат қауымына деген асыл махаббатын да тынбай жырлаумен өтті.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және Хақ жолы осы деп әділетті.

Осы төрт жол арқылы данышпан ақынның өмірлік кредосын, тек қазақ халқының ғана емес, әлемнің асқан ойшылы, гуманист, философы екенін көзі қарақты әр оқырман тап басып тани алады деп сеніммен айта аламыз.

Қазақтың ұлы ойшылының тағылымы мол ілімі мен білімі арысын айтқанда пайғамбардан, берісі түгел түркі жұртының пірі саналатын Қожа Ахмет Ясауи бабамыздан бастау алатыны ақиқат. Оның даналығы, терең ойшылдығы түріктің ақыны Юнус Эмремен, әзербайжан ақыны Несимимен үндеседі.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп!!!» Кез келген халықаралық ұйымның, әлем бедерінде бейбітшілікті насихаттаумен айналысатын дүние жүзіне ортақ қоғамдық мекемелердің айнымас девизі осы емес пе?! Абайды әлемге таныту барысында ақынның осы бағыттағы ой-пікірлерін темірқазық етіп ұстансақ жаңылмаймыз деп ойлаймын.

Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы «Абай күні» және ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына орай 10 тамыз күні «Абай: тарих және қазіргі заман» халықаралық онлайн конференциясын және республикалық онлайн поэзия фестивалін өткізуді жоспарлап отыр. Ғылыми конференцияға Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан мемлекеттерінен абайтанушы-ғалымдар мен тарихшылар және ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесінің мүшелері, зиялы қауым өкілдері қатысып, ұлы ойшылдың ғылыми мұрасын талқылайды.

Поэзия фестивалінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген барлық ұлт өкілдері қазақ тілінде ақын өлеңдерін оқып, әлеуметтік желіде жариялайды. Мұндағы мақсат – этномәдени бірлестіктер арасында ойшыл ақынның шығармашылығын насихаттап, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту. 130-дан астам ұлт өкілдері Абай поэзиясының аясында шынайы өлеңмен жүздесіп, шырайлы өлең тілімен тілдесетін болады.

Абай күні, ақын мерейтойы және бірегей ғұламаның шығармашылық әлемі өз кезегінде көпұлтты халқымыздың жарасты ынтымағын арттырып, берекебірлігімізді бекемдей түспек.